



■ Жолдау

Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!

28 қаңтар күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде профессор-оқытушы қауым мен студент-жастар биылғы жылдың үлесіндегі Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауын тыңдады.

1997 жылғы халыққа арнаған алғашқы Жолдауында: «2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады», - деген сөзін арқау етіп, бұған дейінгі 13 жыл ішінде бағындырған белестер төңірегіндегі ой қозғаған Елбасы тың ізденістер мен зор нәтиже күтетін ауқымды бірқатар мәселелерді алға тартты. Биылғы Президенттік Жолдау бір жағынан, кешенді әрі жүйелі, екінші жағынан нақты және бұған дейінгі істермен сабақтасып жатыр. Президент әлеуметтік жаңғырту мәселелеріне айрықша назар аудара отырып, халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында үш тұғырлы тіл мәселесі, халықты сапалы ауыз сумен қамту, ағымдағы жылы зейнетақы, стипендия, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысының мөлшерін 30 пайызға арттыру, индустриалды-инновациялық бағдарламаны дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ білім-ғылым мәселесіне де мән берді.



Білім беру бағдарламасында білім беруді жаңартуды жалғастыру, жоғары оқу орындарының инновациялық қызметін жоғарылату, білімнің сапасын көтеру және қолжетімділігін кеңейту сынды мәселелерін Үкіметке жүктеді. Сондай-ақ, білім беру жүйесінің барлық жұмысы балаларды мектепке дейінгі оқыту және тәрбиені қамту, 2015 жылға қарай 74 пайызды, 2020 жылға қарай – 100 пайызды құрауы, 2020 жылға қарай білім берудің 12 жылдық үлгісіне толық көшу, 2015 жылға қарай республикалық бюджет қаражаты есебінен жаңа 200 мектеп салу,

2020 жылға қарай халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық аккредитациядан өткен ЖОО-ның үлесі 30 пайызға өсуі, инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін жоғары оқу орындарының үлесі 5 пайызға дейінгі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс деп атап көрсетті.

Денсаулық сақтау бағдарламасымен алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің сапасын арттырып, алдын алу жұмыстарын қолға алу, ауыл тұрғындары үшін медициналық көмекке қолжетімділікті кеңейту, денсаулық жағдайын бақылайтын ұлттық бағдарлама кешенін ендіру қажеттігін айтты. 2015 жылға қарай 350 дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункттер мен емханалар салынатынын жеткізді.

Тіл дамыту бағдарламасы бойынша Елбасы 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі 20 жыл ішінде халықтың 70 пайызы мемлекеттік тілге көшкенін атап өтіп, енді бір 10 жылда 95 пайызға ана тіліміздің қадамы ілгерілейді деген сенім артты.

Бүгінде қазақстандықтар үшін үш тілді меңгеру – бұл өздері үшін міндетті шарт болып отыр. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін меңгерген халықтың үлесі кем дегенде 20 пайызды құрауы қажет, - деді Елбасы.

«2011 жыл - тәуелсіз еліміздің дамуындағы тарихи белес!» деп атап көрсеткен Н.Назарбаев осы жылға айрықша мәртебе беру үшін арнайы Жарлық шығарып,

биылғы жылды «Тәуелсіздіктің 20 жылдығының жылы» деп жариялағанын жеткізді. Бұл жыл «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы» ұранымен атап өтілмек.

Сонымен қоса, Елбасы 2020 жылға дейінгі өз өкілеттілігін ұзарту бойынша референдум өткізу туралы жалпыхалықтық бастамаға өз ойын білдіріп, халықтың қолдауына ризашылығын білдірді.

Бір сағат көлемінде жыл жоспарын айқындап бергеннен кейін ұстаздар мен студенттер өз ой-пікірлерін сабақтады.

Әлеуметтану ғылымының кандидаты, оқытушы Шайхиев Тұрар Төлегенұлы: Жолдауда Елбасы біздің еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуына қатысты өз пікірін білдірді. Жолдау осы ел басындағы азаматтардың нақты мерзімге арнаған жоспарларының бірі болып табылады. Өз өкілеттілігін пайдалана отырып, нақты, шешілуі тиіс тапсырмалар сәйкесінше мемлекеттік органдарға беріліп отырады. Біздің алдымызға 2020 жылға дейінгі мақсатты тапсырмалар бағытталған, осы жылдар ішінде нақты істер, еліміздің экономикалық дамуы, халқымыздың әлеуметтік қорғалуы барысында, білім жөнінде, денсаулық сақтау салаларында, ғылымды дамытуға, халқымыздың әл-ауқатын арттыруда еліміздің абыройлы атқарылар істердің қандай екенін атап өтті.

Жолдаудың мазмұнына қатысты ең бірінші назар аударар нәрсе, бұл оралмандардың, қазақ қандастарымыздың елге оралуы адами күш-қуатымыздың, адами ресурстарымыздың артуы, барлығы жағынан рухани дамуымыз

қазақ ұлтының жаңаруы деп білемін. Сонымен бірге қазақ елінің тәуелсіздігіне 20 жыл толуына қатысты Елбасымыз жаңа бағдарлама ұсынды. 20 жылдығымызға қатысты еркіндік, тұтастық, бостандық, тұрақтылық деген 4 ұғымның аясында жеке адам ретінде, қай-қайсымызға да үлкен ой салуы тиіс. Бірлік болған жерде ел біртұтастығын көрсете алады, - дейді Жолдау жайында.

Ректор Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы: Елбасының халыққа арнаған биылғы Жолдауы таза су мәселесі, үш тұғырлы тіл, индустриалды-инновация қызметін арттыру, жұмыспен қамту мәселелеріне арналып отыр. 2020 жылға бағдар жасап, алдағы онжылдықтың жөн-жобасын белгіледі. Белгілеген бағдарлама аясында халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған мәселелер, соның ішінде білімді дамыту. Білімді маман дайындалмаса, дайындаған кадрларымыз өз білімдерін көрсете алмаса, білімді педагог та, білімді дәрігерлер де жоқ, мемлекеттік тілді дамытатын мамандар да жоқ. Сондықтан білім сапасына көңіл бөліп, келешек мамандарымызды саналы, білікті, тәрбиелі етіп дайындауда бар күш-жігерімізді бірге жұмылдыруымыз қажет. Елбасы халықтың қолдауына жауап бере отырып, халықтың қолдауына сүйене отырып, қандай нақты істер атқаратынын анықтап көрсетті. Еліміздің азаматы ретінде, патриоттары ретінде, зиялы қауым ретінде осы біздің болашағымыз үшін жасалып жатқан істерге толық қолдау көрсетіп, оны әрі қарай дамытуға кішкене болса да үлесімізді қосу, біздің азаматтық ар-ожданымыздың міндеттері, - деп өз ойын білдірді.

Сондай-ақ «ҚР тарихы» кафедрасының оқытушысы Төкешева Назгүл Мұқатайқызы, «Экономикалық теория және бизнес» кафедрасының оқытушысы Ерғалиев Елдос Ералыұлы, студенттік ректор Альфия Жақсығалиева да өз ой-пікірлерін айтты.

■ Елбасы Жолдауын қолдау

Вице-ректор оқытушы қауыммен кездесті

Еліміздің әр өңірінде Елбасының биылғы Жолдауы жан-жақты талқылануда. Осыған орай жақында 16 ақпан күні білім ордасында Елбасы Жолдауын кеңірек түсіндіру мақсатында республикалық ақпараттық-насихаттық топ университетіміздің профессор-оқытушы құрамы және студент қауымымен кездесті. Жиынға Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының вице-ректоры Жоламан Рүстем Қабыдollaұлы, Батыс Қазақстан облыстық Тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ихсанғали Махамбет Матенқожаұлы, БҚО Жер қатынастары басқармасының бастығы Серікқали Жеңіс Серікқалиұлы қатысты.

Жиын барысында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Жолдауын жүзеге асырудағы кезек күттірмейтін және ұзақ мерзімді басым бағыттар нақтыланды.

Маңызды құжатта тәуелсіз Қазақстанның

алдағы даму жолында атқаратын істері айқын көрсетілген. Вице-ректор Жоламан Рүстем Қабыдollaұлы отырыста қатысушылар назарын осыған аударып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тілдерді меңгеру, тұрғын үй шаруашылығын жаңарту, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, білім беру, оқыту, тәрбиелеу, денсаулық сақтау саласын жаңаша үлгілеу мәселелері, мемлекеттік қызметтегі азаматтық міндеттер сынды салаларға жеке тоқталды.

Өз Жолдауында Елбасы барлық бағдарламаның түйінін бір мақсатқа жұмылдыра білгендігін айтып, саяси және экономика саласында қол жеткізген жетістігін ескере отырып, үдемелі индустриалды-инновациялық даму барысы, жергілікті шаруалар тәжірибесі мен қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану, мал шаруашылығын одан әрі дамыту, тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелерін егжей-тегжейлі таныстырған



Рүстем Қабыдollaұлы бұдан кейін профессор-оқытушы қауым мен студент жастардың сауалдарына жауап қайтарды.

Жолдау жайында нақты әрі қызықты деректеріне тәнті болған қатысушылар өз ойларын айрықша ашық бөлісті.

«Біз еліміздің тұрақты және қарқынды даму жолындағы орасан жоспарларын біріге жүзеге асыру арқылы Жолдауда көрсетілген әрбір

міндетті уақытылы орындай алуымыз керек», - деп ойын түйіндеді вице-ректор.

Кездесу соңында проректор Әбілсейіт Қапизұлы вице-ректор Рүстем Жоламанға мазмұнды дәрісі үшін рахмет айтып, алдағы ел игілігі жолындағы көптеген нақты істі бірігіп жүзеге асыратындығына сенімді білдірді.

Өз тілшіміз

Елбасы Жолдауы талқыланды



Р
К
Е
Н

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-де Елбасының 2011 жылдың 28 қаңтарындағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы талқыланды. Профессор-оқытушы құрамы арасынан ақпараттық-насихаттаушы арнайы тобы құрылып, Жолдаудың басым үш бағыты мен Елбасының тапсырған міндеттеріне тоқталып, студент жастарға кеңінен ақпарат берілді.

Үстіміздегі жылдың 28 қаңтарында Президентіміз өзінің кезекті Жолдауын жолдап, біраз мәселелердің басын ашқаны, кезек күттірмейтін іс-шараларды атқару керектігіне баса назар аударғаны дүйім жұртқа кеңінен мәлім. Осыған орай, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауын насихаттау мақсатында 4 ақпан күні университеттің инновациялық-әдістемелік жұмыстар департаментінің директоры О.В.Юров бастаған топ экономика және басқару институтының профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерінің басын қосып, Жолдауда айтылған білім саласына қатысты тың жаңалықтар мен өзгерістер жайын ортақ талқыға түсірді. Бұл кездесудің басты мақсаты - Елбасымыздың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты биылғы Жолдауының негізгі тараулары бойынша оқытушылар мен студенттер арасында нақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Талқылау және пікірталас түрінде өткен отырысқа «Қазақстан Республикасының тарихы» кафедрасының оқытушылары, тарих ғылымдарының кандидаттары А.С.Байболсынова, Н.М.Төкешова, экономика және басқару институтының директоры, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.И.Нестеренко, университеттің мәдени-демалыс жұмысы бөлімінің жетекшісі М.Қ.Сүлейменов, сондай-ақ оқытушылар мен студенттер қатысты.

Инновациялық-әдістемелік жұмыстар департаментінің директоры О.В.Юров Жолдаудың білім беру, денсаулық сақтау, тілдерді дамыту, жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту, сапалы ауыз су, табыстардың артуы – өмірдің жаңа сапасы бөлімдеріне нақты тоқталып, осы аталған бағыттардың мемлекетіміздің миллиондаған қарапайым тұрғындарының күнделікті өмірдегі мәселелерін оңтайлы шешуге мол мүмкіндік беретіндігіне айта отырып, «Жолдау - бұл жай ғана декларация емес, әрекет етуші бағдарлама» деп өз пікірін білдірді.

Биылғы Елбасы Жолдауының басым бағыттарының бірі – білім саласына қатысты айтылған мәселелер, соның ішінде жоғары оқу орындарының білім деңгейін барынша арттырып, олардың рейтингін жоғарылату жұмыстары. Институт директоры Г.И.Нестеренко: «Біздің университетіміз - еліміздегі ең беделді оқу ордаларының бірі, сондықтан да қол жеткізген деңгейде қалып қоймай, одан да биік белестерді бағындыруымыз тиіс», - деді. Ол үшін университетімізде барлық жағдайлардың жасалып жатқандығы, болашақ мамандарға білімін шыңдау үшін жаңа инновациялық технологиялардың енгізілетінін, сондай-ақ, 2020 жылға қарай БҚМУ инновациялық қызметті жүзеге асырушы және ғылыми зерттеулер нәтижесін өндіріске енгізуші ЖОО-ның қатарынан көрінетіндігін айтты. Таяу жылдарда университеттің кітапхана қорында оқулықтардың электрондық нұсқалары жасалатындығын, қашықтан оқыту жүйесі енгізілетіндігін жеткізді. Осының барлығы болашақта туған университетіміздің рейтингін көтерумен қатар, заманауи білім нәрін бойына сіңірген, қоғамда тәжірибелі интеллектуалды кадрлардың қалыптасуына әкелетіндігін тілге тиек етті.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 2011 жыл ресми түрде «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы» болып жарияланды. Өз Жолдауында Елбасы Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеу мәселесін ерекше атап өткені баршамызға аян.

Мәдени-демалыс жұмысы бөлімінің жетекшісі М.Қ.Сүлейменов: «Тәуелсіздік - біздің басты байлығымыз, баға жетпес құндылығымыз. Елбасы сөзінен ел тәуелсіздігінің жиырма жылдығын атап өтетін жылда мемлекетіміз үшін табысты жыл болатынын аңғардық. Тәуелсіздік жылдары ішінде біздің экономикамыз бен әлеуетіміз бекіп, барлық салада даму, өркендеу, жаңғырту болды, ең негізгісі халықтың әл-ауқаты жақсарды. Десек те, осы жетістіктермен тоқталып қана қоймай, алдағы онжылдықта лайықты өмір сүру үшін, біз бен сіздерге әлі қыруар жұмыстар атқаруға тура келеді», - деп ойын түйіндеді.

Экономика және басқару институты директорының орынбасары А.Ж.Бақтиярова Жолдаудың негізгі бөлімдері бойынша студенттер арасында нақты түсіндіру жұмысын жүргізуді жалғастыру қажеттігіне тоқталып, Елбасы Жолдауы жүз пайызға орындалуы қажет деп отырысты аяқтады.

А.Ж.БАҚТИЯРОВА,
экономика және басқару институты
директорының орынбасары



На факультете истории и права прошло обсуждение Послания Президента РК Назарбаева Н.А. «ПОСТРОИМ БУДУЩЕЕ ВМЕСТЕ!»

Профессорско-преподавательский состав и студенты факультета истории и права обсудили Послание Президента, высказали свое видение реализации его основных положений.

В ходе обсуждения было отмечено, что Послание этого года отличается особым оптимизмом. Н.А. Назарбаев подчеркнул, что продолжают реализовываться программы форсированной инновационной индустриализации, благодаря им к 2020 году рост ВВП в перерабатывающих отраслях будет превышать или достигнет уровня добывающих отраслей, активы Национального фонда составят не менее 30-ти процентов ВВП, доля малого и среднего бизнеса в ВВП составит 40%, численность населения приблизится к 18-ти миллионам человек, доля квалифицированных специалистов составит 40%, уровень безработицы снизится до 5-ти процентов. Президент предложил программу социальной модернизации казахстанского общества, предусматривающую совершенствование образования, здравоохранения, системы занятости, ЖКХ, обеспечения качественной питьевой водой, дальнейшего развития языков и повышения доходов населения.

Особое внимание участники обсуждения уделили поставленным Президентом стратегическим задачам совершенствования образования. Доля детей, охваченных дошкольным воспитанием и обучением, к 2015 году должна составить 74%, к 2020 году – 100%; к 2020 году должен быть осуществлен полный переход на 12-летнюю модель обучения; к 2015 году 50% организаций образования должны будут использовать электронное обучение, а к 2020 году их численность возрастает до 90 процентов; к 2020 году доля ВУЗов, прошедших независимую национальную аккредитацию по международным стандартам, должна составить 30%; до 5-ти процентов должна увеличиться доля вузов, осуществляющих инновационную деятельность и внедряющих результаты научных исследований в производство; не менее 2-х высших учебных заведений будут отмечены в рейтинге лучших мировых университетов. Намеченная Президентом в Послании оптимизация вузов в соответствии с мировой практикой, безусловно, повысит престиж высшего образования. Таким образом, в Послании определены задачи перед коллективами вузов – прохождение национальной аккредитации, инновационная деятельность, проведение научных исследований и внедрение их результатов в производство.

Преподаватели и студенты факультета с удовлетворением отметили, что в нашем университете уже сейчас особое значение придается совершенствованию качества образования. Учебные аудитории оснащены новейшей компьютерной техникой, постоянно пополняется библиотечный фонд, в учебном процессе активно используются инновационные технологии и т.д. В вузе успешно внедрена кредитная система образования, осуществляется подготовка высококвалифицированных специалистов по программам магистратуры и докторантуры PhD. Университет в числе первых вузов Казахстана стал лауреатом «Золотой медали SPI» (Париж, Франция), подписал в Болонье (Италия) Магна Хартию, документ, подтверждающий приверженность стандартам общеевропейского образовательного процесса. ЗГУ удостоен международных наград «Объединенная Европа» (Оксфорд, Англия) и «Европейское качество» (Оксфорд, Англия), международной премии «Лидер национальной экономики» (Россия, Москва). В 2009 г. по итогам независимого российского агентства «Рейтер» ЗГУ им. М.Утемисова среди 7 вузов Казахстана вошел в 500 известных мировых университетов. Одним из первых в республике наш университет прошел национальную аккредитацию.

Факультет истории и права вносит определенный вклад в решение таких задач как всестороннее развитие личности, формирование в сознании студентов ценностных ориентаций, патриотизма, потребностей в самовыражении и самоутверждении, интеллектуальном, культурном и нравственном совершенствовании. Кадровый потенциал факультета позволяет эффективно и качественно обеспечивать проведение занятий. В учебном процессе на факультете особое внимание уделяется применению современных педагогических технологий, эффективному использованию инновационных методов преподавания и технических средств обучения. На факультете широко применяются современные компьютерные технологии, электронные учебники, обучающие программы, мультимедиа-технологии, аудио-видео техника, Интернет-ресурсы. В учебном процессе ППС факультета эффективно используются электронные учебники, разработанные и изданные ППС факультета, в том числе: проф. Рысбековым Т.З., проф. Шинтемировой Б.Г., ст. преп. Шайхиевым Т.Т, доц. Добряевым П.А., ст. преп. Аманбаевым А.С. Специфика дисциплин факультета обуславливает применение в учебном процессе обширного картографического материала, на факультете для проведения занятий используются криминалистический кабинет, учебный зал судебного заседания, юридическая клиника и историко-краеведческий музей. Профессорско-преподавательский состав и студенты факультета принимают постоянное участие в международных, республиканских научных конференциях, в организации и проведении международных, республиканских научных конференций на базе факультета. Студенты факультета принимают активное участие в научной и общественной жизни факультета и университета. Студенты факультета: Жумашева Айгерим – 3 курс специальность «История», Дьяконова Елена 3 курс, специальность «Юриспруденция», Тараскызы Аймира -4 курс, специальность «Социология» являются стипендиатами стипендии Президента Н.А. Назарбаева.

Выступающие отметили, что особенностью Послания этого года является то, что в нем прозвучала ясная оценка Н.А. Назарбаевым политической ситуации, сложившейся в стране в связи с решением вопроса о проведении референдума о продлении полномочий Президента. Н.А. Назарбаев подтвердил свою верность демократическому курсу развития страны.

Детальное обсуждение Послания Президента РК активно проходит во всех студенческих группах факультета. Реализация задач, поставленных Главой государства в Послании, зависит от каждого из нас, и каждому из нас необходимо приложить для этого все свои силы, опыт и знания.

АБУЛКАСОВА Д.Б.,
декан факультета истории и права, к.с.н.



Өткен қаңтар айының 28 күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» тақырыбында Қазақстан халқына Жолдауы тыңдалды. Бұл Жолдауды халық, әсіресе студенттер қауымы асыға күткен болатын.

Жолдауда еліміздің 2010 жылы қол жеткізген жетістіктері сөз болып, өткенге талдау жасалып қорытындыланды.

Елбасы Жолдауында басты тақырып әлеуметтік мәселелердің қаралуы болды. Білім сапасын көтеру, көптеп мектептер мен балабақшалар салу, осы бағытта әлемде алдыңғы орынға шығу, денсаулық сақтау мәселесі, адам өмір жасын ұзарту сияқты халыққа қажетті мәселелердің шешімін табатындығы айтылды.

Әлеуметтік сала бойынша, өзін-өзі еңбекпен қамтамасыз ететін азаматтар мәселесі, сол үшін атқарылатын жұмыстарға мемлекеттік бағдарлама жасау тапсырылды. Егер осы мәселелер өз шешімдерін табатын болса, онда біраз үдемелі индустриалдық-инновациялық жобаларға бағыт ұстанып, қажетті мамандарды дайындау арқылы осы салада әлеуметтік жұмыс атқарушылар саны көбейер еді.

Сондай-ақ, Жолдауда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту күрделі мәселе болды. Үстіміздегі жылдың 1 мамырына дейін Үкіметке, облыс әкімдеріне тапсырмалар беріліп, оны жүзеге асыру мақсатында көптеген істер атқару туралы айтылды.

Биылғы Жолдауда зейнетақы, шәкіртақы, түрлі еңбекақы мөлшерінің мерзімінен бұрын ұзартылып жатқанын атап өтті, яғни бұл бағдарламаның 2015 жылға дейінгі мерзімде алға қойылғанымен, оның толық орындалып, Елбасы халықты әлеуметтік тұрғыдан қолдап, тұрмыс дәрежелерін арттыруға мүмкіндік бергенін көрсетті.

Жолдауда әр салаға қатысты айтылған оялар ел көңілінен шығатындай өте мазмұнды, ерекше есерлі болды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих және құқық факультетінде ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар проректоры Ә.Қ.Мұқтардың, факультет деканы Д.Б.Абулкасованың, топ студенттердің қатысуымен ақпараттық-танымдық кездесу өткізілді. Бұл кездесудің мақсаты студент жастарға дәстүрлі Елбасы Жолдауының маңыздылығын түсіндіру болатын. Президентіміздің жастарға сенім артып, үлкен көңіл бөліп отырғандығы да назардан тыс қалған жоқ.

Жоғарыдағы депутат ағалар мен апаларымыздың Елбасы сенімінен шығып, белсене еңбектенетініне біз сенеміз. Ал, жастар тарапынан үлгілі тәрбие көрсету, сапалы білім алып, биік белестерді бағындыру аталған сенімді ақтау болып табылады.

Біз Елбасы Жолдауын қолдаймыз!

Ақтоты ШОЛТЫРОВА,
07207-топ студенті

№ 2 (860) ақпан 2011 жыл





Елбасы Жолдауы келешекке жөнді жол сілтер жолдама болмақ. 2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» тақырыбында Қазақстан халқына Жолдауын ұсынған болатын. Еліміздің дәулеті, жеріміздің сәулеті жолындағы игілікті істердің нәтижесінен және жарқын болашақтың өншісіндегі қыруар қызметтерден хабардар еткен Елбасы Жолдауы бүкіл халықтың көңілінен шыққаны бәрімізге мәлім.

Елбасы Жолдауы – болашаққа жолдама

Елбасы Жолдауын халыққа түсіндіру, мән-маңызын ұғындыру мақсатымен республикалық ақпараттық-насихаттаушы топ құрылған болатын. Осыған орай, Ақжайық өңіріне ат басын тіреген түсіндіруші топтың жетекшісі ҚР Байланыс және ақпарат министрі Жұмағалиев Асқар Қуанышұлы облыстық және республикалық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесу өткізген болатын. Бұл кездесуге көршілес Атырау және Ақтөбе облысындағы БАҚ басшылары да қатысты. Маңызды шара «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының кіші залында өтті. Кездесуде ҚР Байланыс және ақпарат министрі Асқар Қуанышұлы Елбасы Жолдауының маңызды тұстарына тоқталып, егеменді еліміздің қол жеткізген жетістіктері Елбасының сарабал саясатының арқасы және еліміздің дүние жүзіндегі 110 елдің арасынан суырылып алға шығып, 50-ші орынға көтерілуі, Астанада өткен 56 елдің басшылары мен халықаралық ұйым өкілдерінің басын қосқан Саммит – біз үшін үлкен жетістік екендігін атап көрсетті. Асқар Қуанышұлы өз сөзінде: бұл Жолдауда қадау-қадау өзекті мәселелер қозғалып, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс жағдайын жақсарту үшін жасалып келген және жасала беретін мақсат-міндеттер алға қойылып отырғандығын, Елбасының денсаулық пен білім саласына да ерекше көңіл бөліп отырғаны халықтың көңілінен шыққанын айтып, білімді елдің болашағы зор демекші, мектеп құрылысын дамыту, «Балапан» бағдарламасына байланысты балабақшаларды көбейту, халықты әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін істелетін іс-шаралар әлі де жалғасын табатынын, сонымен қатар болашақ жас мамандарды жұмыспен қамту мақсатында 200-ден аса зауыт-фабрикалар салу да жоспарда бар екендігін тілге тиек етті. Республикамызда спутниктік сандық теледидение қосылғаны, шалғай жердегі елді-мекендерге де, ауылдық жерлерге де сандық теледидениені жеткізу, интернет, 3D мәселесі де назардан тыс қалмады. Көңілге қонымды пікірлер айтқан Асқар Қуанышұлының атына сұрақтар қойылып, БАҚ өкілдері жағымды жауаптар алды.

«Алдымызда атқарылар қыруар істер бар, бұл жолда ең басты байлығымыз – берекелі бірлігіміз», - деп Елбасы Жолдауында айтылғандай, бірлігіміз нығайып, ынтымағымыз жараса берсін.

С.А.БЕККУЖИЕВА

Қазақтың қара өлеңін тағдырына серік еткен, жалынды жырдың құдіретін танытқан Мұқағали Мақатаевтың туылғанына - биыл 80 жыл. Соған орай, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология факультетінің ұйымдастыруымен «Поэзия! Менімен егіз бе едің?!» атты поэзия кеші оздырылды.

Поэзия саңлағына мың тағзым!!!



Поэзия кешінің мақсаты - асыл жырлар теңіз толқынындай сапырылысып, жыл құсындай төрт тағандап көгілдір жолдарды көмкерген ақын шығармаларын насихаттау.

М. Мұқағалиев мұрасы - сан-салалы, алуан қырлы. Жалынды жырдың құдіретін танытатын арна - қашан да шулы, дүбірлі замана ағымы бәріміздің көкірегімізді тілгілейтін тынымсыз сезім өлемі. Ақын поэзиясы ақ пейіл азаматтың жұртымен «бір тонның ішкі бауындай» ауыз

Білім ордасында «Түлектердің кәсіби бейімделуі және жұмысқа орналастыру мәселелері» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

БОЛАШАҚ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

2011 жылдың 20 қаңтарында педагогика және психология кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен «Педагогика және психология», «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша бітіруші түлектерге арналған «Түлектердің кәсіби бейімделуі және жұмысқа орналастыру мәселелері» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел ұйымдастырудың негізгі мақсаты - болашақ түлектерімізді жұмысқа орналастырудағы кездесетін қиындықтарды жою, алдын ала жұмыс іздеу мәселелері. Дөңгелек үстелге Батыс Қазақстан облыстық педагог кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы Қ.Ш.Шамұратова, Балалар және жасөспірімдер туризм және экология орталығының педагог-психологы М.И.Урумбаева, Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері орталығының психологы М.Б.Мерғалиева, №3 жалпы білім беретін орта мектеп психологы Яковлева Лариса, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранттары Джайлаубаева Айгүл мен Плетнева Юлия сынды қонақтар мен 06401, 06402, 06403,



06404-топ студенттері қатысты. Көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алып, болашақ маман ретінде қажетті ақпараттар алды. Болашақ мамандар игілігі үшін жасалатын осындай шаралар жыл сайын өткізілетін болса, нұр үстіне нұр болар еді.

Альфия ЖАҚСЫҒАЛИЕВА,
4 курс студенті

8 февраль кафедрой правовых дисциплин проведена юридическая олимпиада «Битва юристов».

Битва юристов

В олимпиаде приняли участие студенты 2-4 курсов русского и казахского отделений специальности «юриспруденция». Всего было сформировано 5 команд, в каждой из которых по 4 участника. Это команды:

1. «Высшая лига» - группа 08302 (Габдушев А., Ермольчев И., Байниязова С., Дьяконова Е.);
2. «Әділет» - группа 08201 (Тулгенов А., Джумагазиева Б, Сисенғалиева А., Сейткалиева М.);
3. «Фемида» - группа 08202 (Овчинникова Е., Халелова А., Шондыбаева Д., Ким Я.);
4. «Билік» - группа 08301 (Ергалиева Г., Кенжжі Б., Бекмагамбетова А., Курмашева А.);
5. «Барыс» - группа 08202 (Сальников С., Нугманов М., Беккалиева А., Бакытов А.).

Было сформировано жюри из профессорско-преподавательского состава кафедры правовых дисциплин:

- Ильясова Гульжазира Актуреевна – ст. преподаватель, к.ю.н.
Досжанов Болат Болатович – преподаватель, к.ю.н.

Ауелбаев Заурбек Бактыбаевич – преподаватель, магистр права.

Базарғалиева Жазира Акимғалиевна - преподаватель.

Из числа студентов 1 курса были выбраны ведущие олимпиады - Машкина Инна (группа 08104) и Утеуллин Аршат (группа 08101).



Все этапы олимпиады проходили в актовом зале учебного корпуса № 3, где болельщики (студенты, преподаватели) могли следить за ходом событий, переживать за успех своих друзей, обмениваться впечатлениями. Приветственным словом олимпиаду открыла декан факультета Абулкасова Дина Бахытжановна.

Олимпиада состояла из двух этапов и финала, включала в себя теоретические и практические задания. 1 конкурс - разминочный, каждая команда представила себя в виде театрализованной композиции, с использованием элементов вокала, хореографии, юмора и т.д.

В первом туре команды показали свои знания и навыки ораторского искусства в состязании по дисциплине «теория государства и права». Во втором туре команды выполняли тестовые задания по дисциплине «Конституционное право РК». В финальном туре команды решали ситуационные задачи по дисциплинам «Уголовное право РК» и «Гражданское право РК».

В результате подведения итогов места между командами распределились следующим образом:

- Гран-при - команда «Билік»;
1 место – команда «Высшая лига»;
2 место – команда «Фемида»;
3 место - команда «Әділет».

Также студенты были награждены дипломами 1, 2 и 3 степени – Ергалиева Г. (группа 08301), Ермольчев И. (группа 08302) и Сальников С. (группа 08202) соответственно. Отдельные студенты получили дипломы в номинации «лучший оратор» - Тулгенов А (группа 08201) и «интеллектуал - 2011» - Бакытов А (группа 08202).

С уверенностью можно сказать, что отборочный тур юридической олимпиады ЗКГУ прошел удачно, награды наши своих героев, а преподаватели и руководство университета могут гордиться своими студентами, которые достойно прошли все конкурсные испытания, показали высокий уровень своих знаний. Все студенты-олимпийцы были довольны организацией мероприятия, ходом и итогом Олимпиады и благодарили организаторов юридической Олимпиады за профессиональный праздник!

ВЛАСОВА Н.А.,

преподаватель кафедры правовых дисциплин



Қазақстандық спортшылар үздік шықты



Р
К
Е
Н



№ 2 (860) ақпан 2011 жыл

5

Қаңтардың 30-ы мен ақпанның 6-сы аралығында Астана мен Алматы қалаларында өткен VII Қысқы Азия ойындарында Қазақстанның спортшылары жалпы есепте көш бастады.

1986 жылы Жапонияның Саппоро қаласында өткен алғашқы қысқы Азияда Жапон елінің спортшылары 29 алтын медаль жеңіп алған болатын. Бұл жолы Қазақстан ол көрсеткішті 32 медальға бір-ақ жеткізді.

Астана мен Алматының спорттық алаңдарында 27 мемлекеттің ең үздік атлеттерінің арасында таза бәсеке өтті. Алғаш рет 69 комплекті медальдар сарапқа салынды. Бұл - қысқы Азияда үшін рекорд. Қазақстан осындай жоғары деңгейдегі жарысты өткізуге қабілетті континенттік елдер қатарына қосылды.

Қысқы Азияда жалпы командалық есепте қазақ елінің спортшылары 32 алтын, 21 күміс, 17 қола медаль жеңіп алып, ел қоржынын 70 медальмен толтырды. Бұған дейін қазақстандық спортшылар мұндай нәтижеге жетпеген болатын. Осы қалыпта алтын медаль саны жағынан қысқы Азияданың рекордын жаңартты. Екінші орынға - 13 алтын, 24 күміс, 17 қола медальмен Жапония, ал үшінші орынға 13 алтын, 12 күміс, 13 қола медаль алған Оңтүстік Корея ие болды. Төртінші орынға 11 алтын, 10 күміс, 14 қола алған Қытай иеленді. Келесі VIII Қысқы Азия ойындарын ұйымдастыру құқығы қысқы Азияданы өткізуден тәжірибесі мол Саппоро қаласының еншісіне тиді. 1986 жылы және 1990 жылы алғашқы және екінші қысқы Азия ойындарын Саппоро қаласында өткізген Жапония енді үшінші мәрте 2015 жылы өткізбек.



жатқандарыңызға өте қуаныштымын. Елімізде бірінші рет өтіп отырған жарыс ел мерейін асқатқатты. Шорт-тректен тарихта бірінші рет азиаттық ойындардан жүлдемен оралып отырмыз. Батыс Қазақстан облысында біздің команда шорт-трекпен айналысқанына 8 жыл болды, ең жас команда болып есептелеміз, дегенмен нәтижеміз жаман емес. Болашақ жоспарымыз - келешекте де үлкен жарыстарға қатысып, жеңіске жету.

Жеңіске жеткен барлық спортшыларға рахметімізді айтамыз. Спортшылар өз еңбектерін, ел сенімін ақтады. Кешті ұйымдастырушыларға, қолдау көрсеткен

университет басшылығына алғысымызды білдіреміз.

Жеңістерін осылайша бөліскен шорт-трек шеберлері келешекте де жарыстарға қатысып, биік белестерді бағындыруды мақсат тұтады. Бұл қола жүлдені иеленудің өзі - жақсылыққа тәрбиелеген ата-ананың, білім берген ұстаздарының, жарыстың басы-қасында болып, спорттың қырсырына баулып, жаттықтырып жүрген жаттықтырушыларының да еңбектерінің еш кетпегендігі. Олай болса, жеңімпаз мақтаныштарымызға байрақты бәсеке жеңістерін тілейміз.

Өз тілшіміз

Азияда жеңімпаздарымен жүздесу

Бір аптаға созылған VII Қысқы Азия ойынында шорт-тректен құрлық мықтыларымен бақ сынаған, ел намысын қорғап, университетіміздің мерейін үстем еткен біздің спортшыларымыз университетіміздің «дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттері Нұрберген Жұмағазиев, Инна Симонова, Ксения Мотова, Әсел Камешевалар қола медальға қол жеткізді.

Жақында қола жүлдемен оралған БҚМУ-лық спортшылармен тамаша кездесудің сәті болды. Проректор Тұймеш Малбағарқызының жетекшілігімен болған сұхбат кешінен оқытушы және студент қауым біраз нақты әрі қызықты жайттарға қанықты.

Дүбірлі додада үздік өнер көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінген 4 студентіміз алған әсерлерімен бөлісіп, студенттер мен оқытушылар тарапынан болған сауалдарға жауап берді.

Ең алғаш спортқа жетелеген - әкем. Спорттың шаңғы және шорт-трек түрінен 11 жасымнан бастап, айналыса бастадым. Үйдегі қарындасым да, алам да спортқа жақын адамдар. Менің шорт-трекке қызығушылығым арта берді, шаңғыны тастап, тек шорт-трекпен ғана айналыстым. Жаттығу үзбегендігімен шығар осындай жетістікке жетіп отырғаным, бұл әрине әкемнің, жаттықтырушыларымыздың еңбегі деп білемін, - дейді Нұрберген бізбен болған әңгімесінде, - Жаттықтырушыларымыз Қарсыбеков Мәдіғали және Мұханбетқалиев Жаслан Тұрарбекұлы. Негізінде Алматы қаласының оқу орындарына да баруға болатын еді, өзім Спорт және туризм академиясын таңдаған едім, бірақ біздің шет қалада оқып жүрген таныстарымыздың айтуы бойынша оларға қиын, өйткені олар жаттығуға жағдайларының келмейтіндігін айтады. Сол себепті де осы оқу орнын таңдадым, бізде мында үлкен мүмкіндіктер бар. Бос уақыт мүлде болмайды, таңнан кешке дейін - тек спорт жаттығуларымен айналысу.

Әсел, Ксения мен Инна да мектеп қабырғасынан бастау алған шорт-трек ізденіс пен жаттығудың нәтижесінде бүгінгі нәтижеге жеткізгенін айтады.

Қазақстанда шорт-трек әлі де дұрыс дами қойған жоқ. Біз бұндай жарысқа қатысып, жеңіске жетеміз деп мүлде ойламаған едік. Қытай, Корея, Жапония елдері шорт-тректен жақсы көрсеткіш көрсетіп жүргендіктен де, бізде аса үміт те болмаған еді. Кейін жарыстың үшінші күні жарыс нәтижелерін хабарлап айтқанда, қуандық та, толқыдық та, тіпті жылап та жібердік, - дейді Инна күліп, - бұндай жарыстың біздің елде өтіп отырғанын, әрине, үлкен мақтаныш. Азиат ойындары комитетінің Президенті Шейх Ахмад аль-Фахад аль-Сабах өзі де бұл қысқы Азиат ойындарының ұйымдастырылуына, спорт кешендерінің әлемдік стандартқа сай жақсы жабдықталғанына тәнті болып, Қазақстанның 2022 жылы Қысқы Азия ойындарын өткізуіне даярлығын жеткізген еді.

Жарыста өздеріне жаңа достар тапқандығын, бір-біріне қолдау көрсетіп, келешекте де достық қатынастарының үзілмейтінін айтады жеңімпаздар. Сондай-ақ, өз қалаулары бойынша аймақтағы ірі оқу орталығы болғандықтан да осы М.Өтемісов атындағы университетті таңдағандықтарын жеткізді. Себебі,



VII Қысқы Азия ойындарының қола медаль иегері Нұрберген Жұмағазиев: 3 қаңтардан бастап бір ай бойы Астана қаласында дайындалдық. Жаңа салынған велотректе жаттығу өткіздік. Біз жарыстан ең болмағанда үшінші орынға қол

жеткізуіміз қажет деп мақсат қойдық. Өйткені, біздің қарсыластарымыз - шорт-трек спорты бойынша әлемдегі ең мықты дамыған Жапония, Қытай және Корея елдері. Сондықтан, бар күш-жігерімізді салдық.

Командамен жақсы жұмыс атқардық. Бірақ, соңғы айналымдарда кейбір сәтсіздіктер болды. Қатардан аяғым сүрініп кетті, дегенмен монгол спортшысы мені қолымен алып кетті. Бұл жерде соңғы айналымға өз күшімді сақтап, келесі айналымда алға шығу керек едім, сол себепті де артқы қатарда болған едім. Дегенмен үлкен сенімді ақтадық.



Обладатель серебрянной медали VII Зимних Азиатских игр Инна Симонова: Большая честь для нас участвовать в такого рода соревнованиях. Это честь и для нашей страны. В первую очередь спасибо нашему Президенту за такое большое мероприятие. В момент кризиса наш народ не упал духом, Азиаду мы привели достойно. Результаты наших спортсменов впечатляют. Наша республика установила рекорд на азиатских играх по количеству медалей. Большое спасибо нашим преподавателям и нашим тренерам.



VII Қысқы Азия ойындарының қола медаль иегері Әсел Камешова: Бізді осылай қошеметтеп қарсы алып, кездесу кешін ұйымдастырып

■ Конкурс

Даешь инновационные ТРОЕКТЫ!

Центр развития образовательных программ, аккредитации и методического обеспечения КСО в июне – сентябре 2010 года провел обучающий семинар «Внедрение инновационных технологий обучения» среди ППС университета. В работе семинара участвовали ответственные за внедрение инновационных технологий, а также желающие преподаватели. На занятиях семинара изучали основы инновационных технологий в сфере высшего образования. По завершении курса «Внедрение инновационных технологий обучения» в начале этого учебного года в нашем университете был объявлен конкурс проектов инновационных технологий обучения. Положение о конкурсе было размещено на сайте нашего университета. Конкурс проводился с целью поиска новых путей повышения качества подготовки специалистов, распространения накопленного опыта, стимулирования работы коллективов кафедр и повышения эффективности обучения. Конкурс проводился в 4 этапа и завершился открытой презентацией инновационных проектов ППС в рамках Недели образовательных инноваций ЗКГУ им.М.Утемисова.



В качестве результатов инновационно-проектной деятельности были представлены:

новый информационный ресурс
электронный учебно-методический комплекс
мультимедийный комплекс
учебный тренажер
специализированный сайт
инновационная образовательная технология
интерактивная воспитательная технология
электронный учебник

По итогам открытой презентации экспертная комиссия отметила лучшие работы по следующим номинациям:

Виртуальные лабораторные занятия – преподаватель кафедры физики, математики и информатики Искалиева А.У.

Специализированный сайт – преподаватель кафедры географии Искалиев Д.Ж.

Интерактивные формы воспитательной работы – преподаватель кафедры театрально-хореографического искусства и библиотекведения Коленко И.М.

Инновационные формы самостоятельной работы – д.и.н., доцент кафедры всемирной истории и СПД Нурғалиева А.М.

Электронный учебник – преподаватель кафедры вокала и инструментального исполнительства Нурымбетова Ж.И.

11 преподавателей были отмечены Благодарственными письмами.

Жусупкалиева Г.К., директор центра развития образовательных программ, аккредитации и методического обеспечения КСО.



Ақжайық ағысы Алатау асқандай

Алматы қол бұлғап шақырды кемелмен.
Қалпақпен қағам деп аттанды өр елден.
Өлеңмен бақытын табатын тереңнен.
Өлеңмен ауырып, бақытқа бөленген.
Баурады ақ үміт, ойында ақ арман,
Өр ұлтын асфальтқа апарды өлеңмен.

Қараумен қазақтың Хан-Тәңір шыңдарын.
Қараумен шексіздік көк аспан сырларын.
Санаумен домбыра, қобыздың мұңдарын.
Қаламы болаттан мүсіндеп жырларын.
Алаумен Алашты тасалап оқыған,
Нәр еткен қазына айбынды ұлдарын.

Егделеу сары күз, жеткендей сары мұң.
Жылдары мұңаймас бұл күнде ақ ырым.
Төккендей өлеңге ақ сәуле жарығын.
Таусылмас қазына ұстанған ар үнін.
Тұздығы өлеңнің қазақтың бақыты,
Өлеңмен тастың да іздеген тамырын.

Өмірі өлеңмен жазылған дастандай.
Көңілі екі өзен сағасын қосқандай.
Серігі жырменен желігін басқандай.
Жатпайды қаламын жастыққа жастанбай.
Үндесіп жыр күлген, тілдесіп тылсыммен,
Ақ Жайық ағысы Алатау асқандай.

Заманның зар үнін, жырлаумен шындығын.
Адамның арлы үнін, сұмырай сұмдығын.
Қаламның қарымын, әлемнің сырлы үнін.
Бүкіл әлемнің тынысын, тірлігін.
Жазам деп жырлары жұлдызға асылып,
Жарқырап көрі күн нұр шашып тұр бүгін.

Студенттер...

Бұл өмірдің көп қой бітпес сұрағы.
Студенттер ол жастықтың жыр өні.
Таусылмайтын арман қуып келген-ді,
Жырға қосқым келеді де тұрады.

Болса екен жүрегімде жарылыс.
Ей, арманым биіктерге алып ұш.
Студенттің дәптерінің артында,
Жазулы тұр ауылына сағыныш.

...Тоңазытқышта қаймақ, май да тұрмайды.
Ауылдағы айран, көже болмайды.
Бір хабарын берер едім ауылға,
Ауыл алыс, телефон да алмайды.

Талай-талай сын сағатта сыналдық.
Кейде тойдық, кейде аш боп бұралдық.
Сонысымен қызықты ғой бұл өмір,
Макаронды «ұлттық тағам» қып алдық.

Шын дос таптық мына жақтан шыңдалып.
Тыңдап жүрміз айналадан сыр бағып.
Шын жастықтың шаңын қағып шаттанып,
Қарап жүрміз сұлу қызға ұрланып.

Анам берген жақсылықты асырып.
Жүрмін мұнда ерке мінез жасырып.
Сол баяғы тірлікпенен біз жүрміз,
Кітапхана жаққа қарай асығып.

Туған жерді отырып ап мақтаймыз,
Қорғағандай әр ауылдың намысын.

Жыламағын оңашада қалғанда.
Бір той болар стипендия алғанда.
Қуаныш пен қайғы бәрі өткінші,
Ұмтылайық биік шыңға, арманға.

Ешқашанда бола алмаспыз армансыз.
Қалсақ та біз мейлі жолсыз, бағдарсыз.
Өмір сыны, ең көңілді шақтамыз,
Олай болса, біз бақытты жандармыз.

Пирамида

Біздің достық алынбайтын шыңдардай.
Ол шыңымыз қалмасын тек жырланбай.
Ұлы достық формуласын бүгінгі,
Пирамида түсіндіріп тұрғандай.

Біздер жасқа толтырмаймыз жанарды.
Күтеміз тек жаңаша леп самалды.
Жерлемейміз перғауынды біз оған,
Ел демейміз осал мықты оларды.

Бейбітшілік құсы ұшсын деп арнадық.
Исламға жанымызды жалғадық.
Бақытхана ұлт пен ұлыс достығы,
Табытхана ету үшін салмадық.

Нар қазағым болмысына баланған.
Бейбітшілік ойындағы ақ арман.
Тұрғызуға пирамида келбетін,
Біздегі ұлттар кірпіш болып қаланған.

Ешқашанда көрсетпеген тарлығын.
Төрт қабырға түйістірген барлығын.
Батыс, шығыс, оңтүстік пен солтүстік,
Қазақ елі тоғыстырған тағдырын.

Пирамида ұшар басы бір нүкте.
Бұрынғыдай құпиялы сыр бүкпе.
Бір нүктеге тірелгені төрт жақтың,
Бірлікті ту етіп өту тірлікте.

Өлең мен мұң

Жүремің кейде түсінбей өмір шарқ ұрып.
Өрем жетпейтін өлең жазам деп талпынып.
Ойларым менің омақасама деп қорқамын,
Қалатынымдай мәреге жетпей алқынып.

Қайғыруменен өшімді алып өлеңнен.
Жүрген бір жанмын қайғыма шаттық бөленген.
Өлең деп жүріп қиянат жасап өнерге,
Жүргендер бар ала алмай тұнық тереңнен.

Қайтеді екен ғаламат сезім жетегі.
Анық қой маған өмірдің жалған екені.
Желіккен бақыт ойыма оңай оралып,
Тұманға батып келеді, қайта кетеді.

Мұң іздеуменен жалғыз қалғанда қасымнан
Өтіп жатыр жыл сағымға бақыт жасырған.
Иен далада адасқан жанмын қайтейін,
Сипамай қойды бұл жалған менің басымнан.

Сыйлыхан ЖҰМАСАЛИХОВ,
БҚМУ 4 курс студенті

Бұл өмір суық, сенсіз

Бұл өмір суық, қалқам, суық сенсіз,
Қабағын түйіп тұр ма тағдыр шексіз.
Күлкіден жаным, құрғыр, түңілді әбден,
Жабығу, мұңаюмен доспын үнсіз.

Жүректің тілдесері жалғыз өлең,
Сусындап, тыныс алам өлеңменен.
Қайтейін, тіпті айдың ақ бейнесі,
Бүгінде сығалады өлі көзден.

Ойымнан ойға мені салдың әурем,
Қайтадан ұйқы жоқ қой бүгін, әттең!
Шіркін-ай, осыншама пәк сезімнің,
Қатарын кеудемде енді, білдім бе мен?

Үмітім жылытады өлеңімді,
Өлеңім сөзін өріп күнге ілінді.
Дамылдау қайда маған кеудемде егер,
Тағдырым жонып жатса өзегімді.

Сол өлең бар, кезінде салмас жаным,
Жүрегім ұйытпас-ау жүредек қанын.
Үміттің сарынына салсам дауыс,
Таппасын әсте тыным.

Жымып бір күлші сен

Жымып бір күлші сен,
Жапырақ болып атайыншы бүршіктен!
Күн жүзіңнен сәулең жетпей ызғарда
Құс, тұла бойым түршіккен!
Өтінемін!
Ерін керіп жымы сен...
Буырқанған бұлттар тарап жүзіңнен,
Жымыңдаған жұлдыздарын көрейін,
Тым болмаса, көздеріңмен күлімде,
Айлы түннің көлдеріне теңейін!

Көк аспандай сығалаған түндіктен,
Мөлдір көздің шырайына қандыр сен!
Тұтқыр қаным тамырымды кереді,
Жүрек қалар тепкілеумен кеудемді,
Бұлағыңнан күлкі құйсын сыңғыр сен!

Жымы!
Бақыт қонсын сызық салып жүзіңе,
Қызғалдақтай, күлші жая күлімде.
Шолпаным боп боз аспанда жымы да,
Ақ таңды оят, мынау, менің кеудеме
Кетсін-дағы тұманданып жанарым
Шымыр бұлақ, күлкің бе еді қанарым?!

Мен өзіңнің теңеп жүрмін күлкіңе,
Шырылдаған бозторғайдың үнін де.
Қиналдым мен, жаным зәру күлкіңе,
Күлші қалқам, маған қарай күлімде!

Ильяс КАЗМАНОВ,
БҚМУ 3 курс студенті

Құрметті жас білімгерлер!

«Өркен» газетінің редакциясы Жастар даму орталығымен бірлесе отырып, «БҚМУ Студенттер кәсіподағы» жастар қоғамдық бірлестігінің қолдауымен университеттің және университет колледжінің 1-3 курс студенттері арасында «Ең үздік жас тілші» атты байқау өткізілетінін хабарлайды.

«Ең үздік жас тілші» атты байқау ЕРЕЖЕСІ

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Студент-жастарды адамгершілік құнды қасиеттерге, шығармашылықпен айналысуға баулу;
Жастардың бойында патриоттық сезімдерін арттыру;
Олардың студенттік жарқын беттерін насихаттай отырып, шығармашылықтарын шындау;
Шығармашыл, жас дарындарды анықтау және оларға қолдау көрсету.

Байқауды ұйымдастырушылар:

«Өркен» газетінің редакциясы
Жастар даму орталығы
«БҚМУ Студенттер кәсіподағы» жастар қоғамдық бірлестігі

Байқаудың өтетін уақыты мен орны:

Байқау 2011 жылдың наурыз айынан бастап сәуір айының аяғына дейін өткізіледі. Келіп түскен мақалалар «Өркен» газетінің наурыз, сәуір айының нөмірінде жарияланатын болады. Байқау қорытындысы университеттің дәстүрлі «Студенттік көктем – 2011» байқауында жарияланатын болады.

Байқау талаптары мен шарттары:

Мақала тақырыбы: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 20 жыл
Байқауға университетте және университет колледжінде қазақ және орыс топтарында білім алатын 1-3 курс студенттері қатыса алады;
Мақалаларға қойылатын басты талап – жазылған шығарманың көркемдігі, жазу ерекшелігі, сауаттылығы, шынайылығы, өзектілігі, маңыздылығы;
Байқауға әр бөлімнен кем дегенде міндетті түрде 4 студент (қазақ тілінде - 2 және орыс тілінде - 2 студент) қатысуы тиіс және өтініш білдірген студенттердің мақалалары тұрақты түрде газеттің ай сайынғы санына жарияланып тұруы қажет;
Қойылған талаптарға сай келмейтін мақалалар байқауға қатыстырылмайды;
Мақалалар 2011 жылдың 14 наурызына және 14 сәуіріне дейін университеттің БАҚ және баспа орталығына тапсырылуы қажет, мерзімнен кешіктірілген мақалалар байқауға жіберілмейді.
Байқауға қатысушылар өтініштерін үлгіге сәйкес өз бөлімдерінің студенттік декандарына 2011 жылдың 10 наурызы мен 10 сәуіріне дейін тапсырулары керек. Өтініш тапсырылмаған жағдайда студент байқауға қатыстырылмайды.

Марапаттау:

Байқау жеңімпазы «Ең үздік жас тілші» номинациясымен және «БҚМУ Студенттер кәсіподағы» жастар қоғамдық бірлестігінің арнайы бағалы сыйлығымен марапатталады.

Үздік деп танылған студентке «Өркен» газетінің меншікті тілшісі қызметіне жолдама беріледі. Сонымен қатар, байқауда үздік нәтиже көрсете білген студенттер арнайы номинациялармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қосымша ақпарат алу үшін «Өркен» газетінің редакциясына
(Сарайшық көшесі, 34, 106 кабинет) 50–76–52 телефонына хабарласуға болады.

